

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова
Academician E. A. Buketov Karaganda University

**Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің «Ғылымға
алғашқы қадам» атты бірінші НеКонференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ
10 сәуір 2024 жыл**



**МАТЕРИАЛЫ
Первой НеКонференции студентов физико-технического факультета «Первые шаги к
науке» посвященной дню науки, 10 апреля 2024 год**

Организатор и редакционная коллегия
Сериков Т.М.

Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің бірінші «Ғылымға алғашқы қадам» атты НеКонференциясы материалдары.– Қарағанды, 2024.–106 б.

Жинақта Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде өткізген, Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің «Ғылымға алғашқы қадам» атты бірінші НеКонференция қатысушыларының баяндамаларының материалдары жарияланады.

Конференция является частью учебного процесса по дисциплине «Основы научных исследований» и проводится для ознакомления обучающихся с формой проведения конференции!!!

Шығын көп болғанымен көп студенттер пәтерді таңдап жатады. Пәтерде тұрмыс техникаларын алаңсыз қолдану, өзіңді жайлылықта яғни комфортта сезіну және жылы пәтерде тұрғанға не жетсін. Студенттердің көбісі жұмыс жасаймыз деп пәтерге шығып жатады. Пәтерде тұру бір жағы әрине қауіпті. Себебі үлкен қалада жүріп-тұру, сабақтан кеш қайту мәселелері бар. Бірақ өзіңіз уақытты дұрыс әрі пайдалы жағынан пайдалансаңыз ұтасыз

Қорытындылай келе студенттік жатақхна да, жалдамалы пәтерде тиімді. Бірақ әр адамның өз ойы, өзі ұстанатын принциптері бар. Бірақ студенттерге жайлы баспана таңдауға сәл де болсын қол үшін создық деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://buketov.edu.kz/kz/page/student-houses#gallery1-10>
2. <https://massaget.kz/blogs/18961/>
3. <https://massaget.kz/layfstayl/bilim/studenttik-mir/47503/>
4. <https://aqtobegazeti.kz/?p=66247>

Иманмұса Н., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФЕ-22-1к тобы, студент

Әбдісерік М., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФО-22-1к тобы, студент

Насұрлла Д., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к тобы, студент

Жарова Ж., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФЕ-22-1к тобы, студент

(Ғылыми жетекші- доктор PhD, қауымдастырылған профессор Сериков Т.М.)

«СЕРПІН» БАҒДАРЛАМАСЫМЕН БІЛІМ АЛУШЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ АДАПАЦИЯ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Аннотация: Бұл ғылыми жобада «Серпін» бағдарламасымен білім алып жатқан студенттердің адаптация проблемалары қарастырылады.

Ғылыми жобаны зерттеу мақсаты: «Серпін» бағдарламасымен білім алып жатқан студенттердің адаптация проблемаларын анықтай отырып сол проблеманы шешу жолын ұсыну.

Ғылыми жобаның зерттеу міндеті: «Серпін» бағдарламасымен білім алатын студенттерге жайлы орта ұсыну.

Ғылыми жобаның өзектілігі: «Серпін» бағдарламасымен білім алып жатқан студенттердің саны жылдан жылға азайып жатқаны .

Ғылыми жобаның жаңалығы: «Серпін бағдарламасымен білім алып жатқан студенттердің адаптация проблемаларының шешімін ұсыну.

Кіріспе

«Серпін - 2050» мемлекеттік бағдарламасы 2014 жылдан бастап жұмыс істейді.

Бағдарлама мақсаты - халқы тығыз орналасқан еліміздің оңтүстік аймақтарындағы жастарды кадр жетіспеушілігі байқалған Қазақстанның солтүстік, батыс және шығыс өңірлерінде оқытып, жұмысқа орналастыру. Бұл бағдарлама бірінші жылы педагогикалық мамандықтар бойынша іске асқан, кейіннен оның аясы кеңейіп, техникалық және ауылшаруашылық мамандықтарын қамтып отыр.

«Серпін» бағдарламасымен грант негізінде оқуға түскен студенттер жатақханамен қамтамасыз етіледі және оқу бітірген соң жұмысқа тұруға университет ықпал жасайды.


Жоба аясында еліміздің оңтүстік өңірлерінің жастары өндіріс орындары дамыған, жұмысшы күшіне қажеттілік қалыптасып отырған Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Қарағанды өңірлерінің жоғарғы оқу орындары мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында тегін білім алып, тұрақты жұмысқа орналасуына мүмкіндік береді.

Серпін жобасына Маңғыстау, Қызылорда, Түркістан облысы, Жамбыл, Алматы облыстарының жастарықаты алады.


ЖОО-на түсу үшін түлектер ҰБТ немесе кешенді тестілеуге қатысуы тиіс. ҰБТ мен кешенді тестілеуден кем дегенде, 50 баллдан кем емес және де таңдау пәнінің ұпайы кем дегенде 7 баллдан төмен болмауы тиіс. Ал, колледждер үшін ҰБТ және кешенді тестілеу тапсыру шарты жоқ. Колледждерге түлектер конкурс арқылы түсе алады.

Негізгі бөлім:

Біз Е.А.Бөкетов университетінің студенттерінен сауалнама алған болатынбыз. Сауалнамаға жалпы 117 студент қатысты. Сауалнама нәтижелеріне тоқталып кететін болсақ сауалнама жауап берушілердің 77,8%-ы жалпы грантта білім алады, ал серпін бағдарламасымен білім алатын студенттер 21,4%, қалған студенттер ақылы бөлімде білім алады. Яғни 0,8% студенттер ақылы бөлімде білім алады.



Келесі диаграммада студенттердің мұғалімдердің немесе топтас студенттерінің тарапынан буллинг көргені немесе куәгері болғанын көре аламыз:



Диаграммада байқағандарыңыздай 94% студенттер «серпін» бағдарламасымен білім алып жатқан студенттердің тарапына буллинг немесе ортадан шектетудің куәгері

болмаған. Бұл әлбетте жақсы көрсеткіш , дегенмен осы көрсеткішті 100%-ға дейін неге өсірмесе? Осы мәселені шешу үшін біз ең алдымен серпін бағдарламасымен білім алатын студенттердің қандай адаптациялық проблемалары бар екенін қарастырып көрдік:




Осы статистикадан байқағанымыздай – көптеген студенттер оқу кезеңінде ауа-райының қолайсыздығына ұшыраған. Яғни 64% студенттерге ауа-райы жақпаған. Яғни Қарағанды қаласында ауа райы Оңтүстік, Батыс Қазақстан өңірлеріне қарағанда әлдеқайда суығырақ. Бұл проблема қарапайым болып көрінгенімен «Серпін» бағдарламасымен білім алып жатқан студенттердің басым көпшілігінің бас ауруы деуге болады . Бәрімізге белгілідей «Серпін» бағдарламасымен білім алатын студенттердің көпшілігі жатақханада тұратыны белгілі. Біз жатақханада тұратын студенттерден анонимді түрде сұхбат алған болатынбыз. Олардың айтуы бойынша жатақханада қыстың аязында өте салқын болады . Және жылыну мақсатында жылытқыш қосуға рұқсат жоқ. Сол себепті денсаулықтарымен проблемада көп болмаса аз емес екен. Осы мәселені шешу үшін жатақханаға берілетін жылу мөлшерін арттыруды , студенттерге жылытқыш қолдануға рұқсат берілуі жөнінде ұсыныс тастаймыз. Сонымен қатар студенттерге қала арасында суыққа қарамай еркін жүру үшін жылумен қамтамасыз етілген аялдамалардың санын өсіруді ұсынамыз.

Келесі 32% студенттер көңіл көтеретін жерлер аз деп есептейді. Біз осы мәселеге ғылыми зерттеу жүргізе отырып келесідей ұсыныстар тастаймыз: қазақи мәдениетімізді дәріптеу мақсатында университетіміздің студенттеріне арнап ипподром салынса студенттердің бос уақытын тиімді өткізуге керемет мүмкіндік болар еді; Қол жетімді мүмкіндікте университетіміздің Спорт-Аренасы болса студенттер аэростретчинг, гольф, үстел теннисі, теннис, гольф, шахмат, футбол, волейбол, тоғызқұмалақ ләңгі, асық, бестас, бассейн, ақ сүйек т.с.с спорт комплекс болса , әлбетте ол ақылы болса да студенттердің қалтасы көтеретіндей болса осы спорткомплекс арқылы Қазақстанның түкпір түкпірінен университетімізге оқуға түскісі келетін студенттердің саны артар еді және студенттердің бос уақытын тиімді пайдалануға керемет септігін тигізетін еді және студенттердің денсаулығын нығайтар еді. Қазіргі заман талабына сай кітапхана ашылса , ол кітапханада университетімізден көріп жүрген ғылыми кітаптар емес заман талабына сай студенттердің өмірге деген қызығушылығын арттыратын кітаптармен толтырылса . Мысалы Марғұлан Сейсембаев , Данияр Жігітбек, Қуаныш Шонбай, Марзия Бекайдар, т.с.с

қоғам белсенділерінің қазіргі жастардың өмір салтын жақсарту үшін тайм-менеджмент, қаржылай сауаттылық, көркем мінез, СММ, Мобилогрфия, т.с.с. біліммен қамтамасыз ету; Тігін, дизайнмен қызығатын студенттеріміздің қызығушылықтарын арттырып, университетіміздің өзінің Мерчін дамытуға мүмкіндік берсе; ал тамақ пісіруге қызығатын студенттерге университетімізде өтетін фуршеттерді жоспарлауға мүмкіндік берсек; т.с.с орталықтарды аша отырып студенттердің потенциалдарын ашуға мүмкіндік жасасақ өте білікті мамандарды дайындап шығатынымызға күмәніміз жоқ.

Келесі 26% студенттер тіл білмегендіктен қиналған, ол дегеніміз адамдармен қарым-қатынас орнатқанда Қарағанды қаласында орыс ұлты көп болғандықтан көп жерлерде тек орыс тілімен қызмет көрсетеді. Әлбетте «Серпін» бағдарласы осы мәселені шешу үшін яғни қазақтандыру үшін құрылды. Дегенмен осы мәселені шешу үшін келген студенттердің өзін орыстандырып алмауымызға кім кепіл? Сонымен қатар «Серпін» бағдарламасымен білім алып жатқан студенттеріміздің саны жылдан жылға азайып жатқанын көреміз.



Бұл диаграммадан «Серпін» бағдарламасымен білім алып жатқан студенттермен жалпы грантта оқитын студенттердің арасында сіңісіп кету қиын болған/болмағанын көреміз.

Диаграммада көріп тұрғандарыңыздай көп жағдайда «Серпін» бағдарламасымен білім алатын студенттермен басқа білім беру бағдарламаларында білім алатын студенттердің арасында көп жағдайда яғни 91,5% қиындық тудырмайды. Қалған 8,5% жағдайда қиындықтар кездесетінін көріп тұрмыз. Бұл айтарлықтай көп емес, дегенмен бұл проблеманы шешу үшін мынандай ұсыныс білдіреміз: Академиялық сабақтарды ынтымақтастыққа баулу технологиясымен өтуді ұсынамыз.

Қорытынды

Қорыта келгенде біз «Серпін» бағдарламасымен білім алып жатқан студенттердің адаптация проблемаларын қарастырып және оның шешу жолдарын ұсындық. Біздің ойымызша «Серпін» бағдарламасының пайдасы да зияны да бар. Дегенмен, пайдасы көбірек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. archive.misk.org.kz
2. gov.kz
3. stan.kz
4. zakon.kz
5. kstu.kz

6. kineu.edu.kz

Саттыбай А.С., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті,ФО-22-1к тобы,студент

Әсілбек А.Н., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті,ФО-22-1к тобы,студент

Рахадыл Ә.А., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті,ФиИ-22-1к тобы,студент

Нарбева А.И., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті,ФЕ-22-2к тобы,студент

(Ғылыми жетекші- доктор PhD, қауымдастырылған профессор Сериков Т.М.)


ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ УАҚЫТ ӨТКІЗУ СТАТИСТИКАСЫ

Аннотация: Жастардың әлеуметтік желіні пайдалану мақсаттары мен желіде өткізу уақыттарын зерттеуі және анализдік статистикасы.Ең көп және аз қаралым алатын әлеуметтік желілерді талдауы.Желінің пайдасы мен жағымсыз тұстарын айқындау.

Кілт сөздер:әлеуметтік желілер, уақыт, қызығушылық, пайдасы және зияны.

Әлеуметтік желіні «әлеуметтік медиа» деп те атайды. Бұл – адамдардың бір-бірімен ғаламтор арқылы өзара байланысын қамтамасыз ететін интернет сайт(тар). Жалпыға ортақ сөзбен айтар болсақ, әлеуметтік желі дегеніміз бұл – адамдар мен олардың бір-бірімен қарым-қатынасы.Қазіргі заманауи қоғамда әлеуметтік желінің функциясы-адамдардың өз-өзін дамыту және түрлі ақпараттармен алмасуға жол ашу. Datareportal.com деректеріне сәйкес, өткен жылдың үшінші тоқсанында әлемде әлеуметтік желілерді пайдаланушылар саны 4,74 млрд-қа жеткен. Жылдық өсім – 4,2%, деп жазады. Бұл Жер шарындағы тұрғындардың 59,3%-ы әлеуметтік желілерді қолданады дегенді білдіреді. Оның ішінде 13 жастан асқан адамдардың үлесі 75,9%-ды құрайды. Сонымен қатар Интернетке кіруге мүмкіндігі бар адамдардың 93,4%-ы әлеуметтік желілерді пайдаланады. Әлеуметтік желі қолданушыларының басым бөлігі (54%) ер адамдар,аләйелдердіңүлесі–46%.

Желі қолданушылар



■ ерлер ■ әйелдер ■

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

Оразбай Е.К., Пазылхан Р.Б., Асылбеков Н.Д., Зекен Р. Кибералаяқтар.....	6
Аметова Д.Б., Иманов Д.Е., Алтаева А.Б., Сағидулла А.Б. Суицид среди студентов в Республике Казахстан.....	11
Бекенова.Г.К., Жалғасбаева.Ж.С., Серікжан А., Сапарова А.Б. Студенттердің жатақхана мен пәтер арасындағы таңдауы.....	17
Иманмұса Н., Әбдісерік М., Насұрлла Д., Жарова Ж. «Серпін» бағдарламасымен білім алушы студенттердің адаптация проблемалары.....	22
Саттыбай А.С., Әсілбек А.Н., Рахадыл Ә.А., Нарбева А.И., Жастардың әлеуметтік желіде уақыт өткізу статистикасы.....	26
Турысбеков А.М., Жұмаділлә Ж.Е., Орынбасар А.Т. Қазақ контенті-қоғам айнасы.....	30
Махметов М.Н, Маматова Д.Г., Женисбай А.Е., Байысова А.Б. Отношение студентов к проблеме окружающей среды.....	44
Апендина А.Қ., Нурболат Ж., Еркінбай А.Н., Орынбасар Н.Н., Қарағанды қаласының артықшылықтары мен кемшіліктері.....	49
Алшатова А.Н., Балташ Қ.Б., Турмаханова Б.К., Уалханова Ш.М. Қазақстан қалаларындағы адамдардың негізгі болмысы.....	54
Сардарова А.Ж., Файзуллаева Ж.Қ., Әскер Б.А., Амангелді А.Ж. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттері таңдаған мамандығы бойынша мәселелері.....	58
Акылбекова Н.Ж., Мейрханова Т.Қ., Аюев Е.Ж., Әбдіхалық Н.Т. Физика және нанотехнология кафедрасы студенттерінің жалғыздық деңгейі.....	64
Ергеш Б.Б, Аманкелді А.С. Қайыржан А.Қ, Илесбай Л.Қ, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттер үйінде туындаған мәселелер.....	70
Сатымжан Д.Р., Назарбаева Д.Н., Кошкинбай А.А., Ербол.А. Қазіргі студенттердің ұялы телефондарына сараптама. Ұялы телефонға студенттердің қатынасы.....	75
Қалаби Н.Б., Батырша Ф., Нуркина А.Б., Студент және жұмыс.....	79
Шмидт А., Қалдыбаева С.Ж., Зделеу Д.Е., Кумисбекова А.Т. Педагогикалық мамандыққа түсуге әсер ететін факторлар.....	81
Төлеубай Д.Ә., Ерлік Ә.Е., Сакенова Ж.К., Наурызбай А.Б. "Физика-техникалық" және "Математика және ақпараттық технологиялар" факультеттерінде студенттердің бакалавр бітіргеннен кейінгі жоспарлары.....	86
Абдиразакова Ж.К., Қазытай Ж.А., Рамазанова М.Х., Төлеутаева М.Е, Физика-техникалық факультетінің студенттерінің бір айлық орташа шығыны.....	92
Смағұл Т.Е., Ғанижан М., Мәжит Н.Н., Динахан Д. Студенттердің бос уақытын қалай тиімді өткізетінін анықтау.....	98
Итенов Д., Алмасқызы С., Бек Б. Қазіргі жастардың театр өнеріне деген көзқарасы және қызығушылығының деңгейі.....	104